



След. № 02-04/54
11.06.2020 №.

Т.К. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының докторантты Еспенова Айгерим Тұрсыновнаның «Тәуелсіз Қазақстанның сәндік-қолданбалы өнеріндегі дәстүр мен жаңашылдықтың өзара байланысы мәселелері» тақырыбындағы 6D041600 – Өнертану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін даярлаған диссертациялық жұмысына

ПІКІР

Қазақ сәндік-қолданбалы өнерінің мәселелерін түсіну, оларды шешу, ортақ теориялық пікірлер білдіру тек кәсіби мамандардың – өнертанушылардың еншісінде. Көркемөнерге лайықты теориялық баға беру бүгінгі күрделі мәселелердің бірі әрі бірегейі. Ізденуші А.Еспенованың «Тәуелсіз Қазақстанның сәндік-қолданбалы өнеріндегі дәстүр мен жаңашылдықтың өзара байланысы мәселелері» деп аталатын диссертациялық жұмысы өзекті тақырыпты арқау етіп, жоғары ғылыми деңгейде жазылған.

Тақырып мазмұнын ашуда көптеген шетелдік және отандық өнер зерттеушілерінің еңбектеріне сүйене отырып, теориялық-тәжірибелік құндылығын арттырған. Докторант өз тұжырымдарын жинақты жүйелеу үшін нақты мақсат қойғаны байқалады. Жұмыста ғылыми тұтастық, бірізді баяндау бар.

Сәндік-қолданбалы өнердегі дәстүр мен жаңашылдықтың көрінісін айқындалап, қолөнердің заманауи даму үдерісін шеберлер шығармашылығының мысалында анықтап өткен. Жұмыста қазіргі Қазақстанның сәндік-қолданбалы өнеріндегі дәстүр мен жаңашылдықтың өзара байланысы мәселелері, жаңа формадағы көркем туындылар мен шеберлер шығармашылығындағы интерпретациялар, дәстүр мен жаңашылдықтың өзара байланысы мәселелері сарапталады. Ізденуші үнемі даму мен жаңару үстіндегі халықтық өнердің терең зерттеуді кажет ететін күрделі мәселелерін алға тартып отыр. Келтірген ғылыми тұжырымы дәлелді, тілі жатық. Докторант кіріспе бөлімінде қойған мақсаты мен міндеттеріне

толықтай қол жеткізген. Бұл жұмысты сәндік-қолданбалы өнерінің жалпы жағдайын, теориялық негіздерін оқытуда оку құралы ретінде қолдануға болады деп есептеймін. Қазақ сәндік-қолданбалы өнеріндегі дәстүр мен жаңашылдықтың өзара байланысы мәселелері туралы баяндайтын ғылыми еңбектер көп емес. Осы тараптан алғанда диссертациялық зерттеу жұмысы үлкен сұранысқа ие болады деп ойдамын. Сондықтан өнертану саласына тағы бір қызықты еңбек қосылды деп айтудағы негіз бар.

Корытындылай келе, үлкен біліктілікпен, ғылыми теренділікпен кәсіби дәрежеде жазылған жұмыстың өмірге келгеніне дау жок. Докторант А.Еспенованаң 6D041600 – Өнертану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) академиялық дәрежесін алу үшін көп еңбектенгені байқалады. Ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сай болғандықтан бұл еңбекті Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының Диссертациялық кеңесінде қолғауға лайық деп есептеймін.

Пікір білдіруші,
Қазақстан Республикасы
Суретшілер Одағының төрағасы,
Қазақстанның еңбек
сінірген қайраткері
artuman2@mail.ru



Ә.О. Жұбаниязов